ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ПАРЛАМЕНТТІК АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ САЙЛАУДЫ БАҚЫЛАУ ЖӨНІНДЕГІ МИССИЯСЫ
Кезектен тыс парламенттік сайлау, Әзербайжан Республикасы
2024 жылғы 1 қыркүйек

МӘЛІМДЕМЕ

Әзербайжан Республикасының Милли Меджлисінің (Парламент) шақыруымен Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының (ТҮРКПА) Сайлауды бақылау жөніндегі миссиясы *(бұдан әрі – Миссия)* 2024 жылғы 1 қыркүйекте Әзербайжан Республикасында өткен кезектен тыс парламенттік сайлауға қысқа мерзімді мониторинг жүргізді. Миссия Қазақстан мен Түркия парламенттерінің депутаттары мен өкілдерінен, сондай-ақ ТҮРКПА Хатшылығының өкілдерінен құралды.

2024 жылғы 1 қыркүйектегі кезектен тыс парламенттік сайлау Әзербайжан Республикасының барлық егеменді аумақтарында өткен алғашқы парламенттік сайлау болды.

Әзербайжан Республикасындағы парламенттік сайлау ең алдымен Конституциямен және Сайлау кодексімен, сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) қаулыларымен реттеледі. Сайлау кодексі егжей-тегжейлі және барлық сайлаулар мен референдумдарды реттейді. Әзербайжан адам құқықтары мен сайлауға қатысты негізгі халықаралық және аймақтық құжаттардың қатысушысы болып табылады.

Әзербайжанда 125 депутаттан тұратын бір палаталы Парламент жұмыс жасайды. Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің мүшелері 125 бір мандатты сайлау округінде қарапайым көпшілік дауыспен бес жылдық мерзімге сайланады.

Сайлауды ОСК, тұрақты негізде жұмыс істейтін 125 өңірлік сайлау комиссиялары (ӨСК) және 6343 учаскелік сайлау комиссиялары (УСК) жүргізді. Уақытша қосымша УСК да құрылды. Парламент сайлауында елден тыс дауыс беру жүргізілмейді.

Барлық сайлау комиссиялары тұрақты орган болып табылады. ОСК, ӨСК және УСК бес жылдық мерзімге сайланатын/тағайындалатын тиісінше 18, 9 және 6 мүшеден тұрады. ОСК-ның барлық мүшелерін Парламент сайлайды. ОСК ӨСК мүшелерін тағайындайды, олар өз кезегінде тиісті УСК мүшелерін тағайындайды. Барлық сайлау комиссияларында мүшелер парламенттік көпшілікті, парламенттік азшылықты және тәуелсіз кандидаттар ретінде сайланған парламентшілерді

ұсынатындар болып үш бірдей квотаға бөлінеді. Сайлау комиссияларының төрағалары парламенттік көпшілікті, ал екі хатшының әрқайсысы парламенттік азшылықты және тәуелсіз кандидат ретінде сайланғандарды ұсынады.

ОСК сайлаулар мен референдумдарды жалпы дайындау мен өткізуге жауапты, төмен тұрған комиссиялардың қызметіне басшылық жасайды. ОСК сайлау процесінің барлық кезеңдерінде шешуші рөл атқарады. 18 ОСК мүшесінің 4 әйелдер.

ӨСК сайлау процесін басқарады және өз аумақтарында дауыс беру нәтижелерін анықтайды. УСК сайлаушылар тізімдерін бекітеді және жаңартады, дауыс беруді жүргізеді және сайлау учаскелерінде дауыс беру нәтижелерін анықтайды.

Сайлаушыларды тіркеу пассивті болып табылады. Сот шешімімен әрекетке қабілетсіз деп танылғандарды қоспағанда, 18 жасқа толған Әзербайжан Республикасының азаматтары сайлау құқығына ие. Әзербайжанда кемінде 5 жыл тұрақты тұрған азаматтығы жоқ адамдар да дауыс беруге құқылы. ОСК мәліметінше, сайлаушылар тізімдеріне сайлауға қатысуға құқығы бар 6 421 960 сайлаушы енгізілген.

Сайлауға қатысуға құқығы бар Әзербайжан Республикасының азаматтары Әзербайжан Республикасы Милли Меджлисінің депутаты болып сайлануға құқылы. Қос азаматтығы бар, басқа мемлекеттер алдында жауаптылығы бар және ауыр қылмысы үшін бұрын сотталған, атқарушы және сот органдарында қызмет ететін, ғылыми, педагогикалық және шығармашылық қызметтен басқа ақы төленетін өзге де қызметпен айналысатын, сот әрекетке қабілетсіз деп таныған, сот шешімі бойынша бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдар, дін қайраткерлері парламенттік сайлауға кандидат ретінде қатыса алмайды.

Кандидаттарды саяси партиялар мен олардың коалициялары, сайлаушылар тобы ұсына алады немесе өзін-өзі ұсыну арқылы кандидат бола алады. Ықтимал кандидатты ол ұсынылған сайлау округінен жиналған сайлаушылардың кемінде 450 қолы қолдауға тиіс. Сайлаушы бірнеше кандидатты қолдап қол қоя алады. Бір адам бір ғана округте кандидат болып сайлана алады. Кандидат сайлау күніне 10 күн қалғанға дейін сайланудан бас тарта алады. Тіркеу кезеңі аяқталғанға дейін кезектен тыс парламенттік сайлауға 1052 кандидат тіркелді.

Сайлау алдындағы үгіт сайлау күніне 23 күн қалғанда басталып, дауыс беру басталғанға дейін 24 сағат бұрын аяқталады. Сайлау күні және оның алдындағы күні үгіт жүргізуге тыйым салынады.

Заңнамаға сәйкес барлық қатысушылар үшін сайлау науқанында тең мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі. Сайлау алдындағы үгітті тіркелген кандидаттар,

олардың уәкілетті өкілдері мен сенімді адамдары, тіркелген кандидаттарды ұсынған партиялар немесе партиялардың коалициялары, олардың уәкілетті өкілдері мен сенімді адамдары бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық іс-шаралар, баспа, аудиовизуалды және өзге де үгіт материалдарды тарату арқылы жүзеге асыра алады. Баспа және аудиовизуалды үгіт материалдарында тапсырыс берген және осы материалдарды дайындаған ұйымдар, таралымы және шығарылған күні туралы ақпарат болуы керек.

Заң бойынша сөз бостандығына, бұқаралық ақпарат құралдарының бостандығына және ақпаратқа қол жеткізу құқығына кепілдік беріледі. Бұқаралық ақпарат құралдары барлық кандидаттар үшін бірдей жағдай жасауы керек.

Заңнамаға сәйкес азаматтар мен халықаралық бақылаушылардың бақылауы қамтамасыз етіледі. Жергілікті бақылаушылар бақылауды өз бастамасы бойынша немесе тіркелген кандидаттардың, саяси партиялардың, саяси партиялар коалицияларының және сайлау саласында жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйымдардың бастамасы бойынша жүргізе алады. Халықаралық бақылаушылар, сондай-ақ елдің бүкіл аумағында бақылау жүргізуге өтініш берген жергілікті бақылаушылар ОСК-да аккредиттелген. ӨСК өз аумақтарындағы сайлау учаскелерінде бақылау жүргізгісі келетін жергілікті бақылаушыларды аккредиттейді.

Бақылау бағдарламасы аясында ТҮРКПА Миссиясы Әзербайжан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Төрағасы Мазахир Панахов мырзамен және Әзербайжан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары Самир Шарифов мырзамен кездесулер өткізді. Кездесулер барысында Миссияға кезектен тыс парламенттік сайлауға дайындық барысы туралы ақпарат берілді.

Сайлау күні Миссия Баку, Шамахы және Гобустандағы сайлау учаскелерінде болды. Миссия мүшелері сайлау учаскелері ашылғаннан бастап дауыстарды санағанға дейін дауыс беру барысын бақылап отырды. Миссия сайлаудың өту барысын бақылап, жергілікті жерде сайлаушылармен, жергілікті бақылаушылармен және сайлау учаскелерінің лауазымды тұлғаларымен әңгімелесті.

Сайлау учаскелері сайлау күні сағат 08:00-ден сағат 19:00-ге дейін жұмыс істеді. Сайлау күні тыныш және тәртіпті өтті. Миссия бақыланған сайлау учаскелеріндегі жалпы дауыс беру үдерісін оң бағалап, оны ашық және жақсы ұйымдастырылған деп сипаттады. Миссия бақыланған сайлау учаскелерінде ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ықпал еткен жергілікті бақылаушылардың болуын атап өтеді. ОСК-ның алдын ала мәліметі бойынша сайлауға сайлаушылардың қатысуы шамамен 37,27% құрады.

Миссия сайлауды басқару органдары жақсы ресурстармен қамтамасыз етілгенін және сайлауға дайындықты тиімді жүргізгенін атап өтеді. Миссия ОСК сайлау процесіне қатысушыларды оқыту және халықты бұл процесс туралы хабардар ету жөніндегі жұмысын жоғары бағалайды.

Миссия мүмкіндігі шектеулі сайлаушылардың сайлауға қатысуын жеңілдету және олардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету шараларын оң бағалайды, оның ішінде сайлау учаскелерін Брайль шрифтімен және пандустармен жабдықтау, адамға таңдау бойынша дауыс беруге көмектесу және дауыс беру күні сайлау учаскесінде дауыс бере алмайтын сайлаушылар үшін жылжымалы сайлау жәшіктері кіреді.

Миссия Әзербайжандағы сайлауды халықаралық деңгейде бақылау үшін қарастырылған құқықтық және материалдық-техникалық жағдайларды жоғары бағалайды.

Миссия өз қызметінде ТҮРКПА-ның «Сайлауды бақылау туралы» ережесіне және тиісті халықаралық құжаттарға сәйкес объективтілік, әділдік, ашықтық және бейтараптық қағидаттарын ұстанды.

Миссия 2024 жылғы 1 қыркүйектегі Әзербайжан Республикасындағы кезектен тыс парламенттік сайлау Әзербайжан Республикасының ұлттық заңнамасына және халықаралық сайлау стандарттарына сәйкес өткізілді деген қорытындыға келді.